

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	П ҚазСТА 3/34-25	
		Күні	
		Басылым 02	
	«Жылдың үздік студенті» байқауының ережесі	Беті	Беттен
		1	8


БЕКІТЕМІН

«Қазақ спорт және туризм академиясы» КЕАҚ Президенті,
профессор
Қ.Қ. Закирьянов



« 17 » ноября 2025 ж.

«ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК СТУДЕНТІ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Әзірленді		Келісілді		Бекітілді
Д.Р. Пя		Д.К.Нурмуханбетова		ҚазСТА Ғылыми кеңесінің шешімімен № <u>3</u> хаттама <u>31.10</u> 20 <u>25</u> ж.
		Г.У.Кенжебекова		
		Есқалиев М.З.		
күні	қолы	күні	қолы	Қолданысқа енгізілді
<u>28.10.25</u>		<u>28.10.25</u>		№ <u>221-17</u> Бұйрық <u>17.10</u> 20 <u>25</u> ж.
		<u>28.10.25</u>		
		<u>29.10.25</u>		

Алматы – 2025 ж.

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		П ҚазСТА 3/34-25	
			Күні	
			Басылым 02	
	«Жылдың үздік студенті» байқауының ережесі		Беті	Беттен
			2	8

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Нормативтік сілтемелер	3
3. Терминдер мен анықтамалар	3
4. Белгілер мен қысқартулар	3
5. Байқауды ұйымдастыру және өткізу	4
5.1. Байқауға қатысушылар	4
5.2. Байқауды өткізу тәртібі	4
5.3. Нәтижелерді шығару	4
6. Бағалау критерийлері	5
7. Қосымша 1. «Үздік студент» анкетасы	6
8. Қосымша 2. Қатысушының бағалау парағы	7

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	П ҚазСТА 3/34-25	
		Күні	
		Басылым 02	
	«Жылдың үздік студенті» байқауының ережесі	Беті	Беттен
		3	8

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Жылдың үздік студенті» байқауының осы Ережесі (әрі қарай – Ереже) Қазақ спорт және туризм академиясында (әрі қарай – ҚазСТА) білімді насихаттау, студенттердің әлеуметтік мәртебесін арттыру, студенттік ұжымдардың рөлін күшейту, студенттердің интеллектуалды-танып білу қызметін жандандыру, студенттердің оқу процесінде білім, дағды, машық және құзыреттерге ие болу мотивациясын қалыптастыру және академия студенттерінің шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында әзірленді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Қазіргі Ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

РӨС ҚазСТА 2/07-23

Білім алушыларға тәрбиелік жұмыс және әлеуметтік жағдайлар

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережедекелесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Транскрипт

Оқу кезеңінде өткен пәндер тізімін, кредиттер санын және білімді баллдық-рейтингілік әріптік бағалау жүйесі бойынша алған бағаларды көрсететін құжат.

Эдвайзер (Advisor)

Оқытушы – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша студенттің академиялық жетекшісі қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауға (жеке жоспарды жасауға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруге көмек көрсететін тұлға.

4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмысы
ОТ	Офис-тіркеуші
ӘБП	Әкімшілік-басқару персоналы
ҚазСТА	«Қазақ спорт және туризм академиясы» КЕАҚ
ОО	Олимпиадалық ойындар
ПО	Паралимпиадалық ойындар
СО	Сурдлимпиадалық ойындар
ӘЧ	Әлем чемпионаты
ӘУ	Әлемдік универсиада
АЧ	Азия чемпионаты
ӘК	Әлем кубогы
ҚРЧ	Қазақстан Республикасы чемпионаты
РУ	Республикалық универсиада

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		П ҚазСТА 3/34-25	
			Күні	
			Басылым 02	
	«Жылдың үздік студенті» байқауының ережесі		Беті	Беттен
4			8	

5. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

5.1. Байқауға қатысушылар

Байқауға ҚазСТА-ның 2-4 курс студенттері, күндізгі оқу бөлімінің студенттері қатыса алады.

Әр кафедра, деканат және топ старосталары студенттер арасынан үміткерлерді алдын ала іріктеп, «Жылдың үздік студенті» байқауына ең үздік қатысушыларды ұсынады.

Соңғы 3 жылдағы осы аталым бойынша байқау жеңімпаздары қайтадан қатысуға жіберілмейді.

5.2. Байқауды өткізу тәртібі

Өткізу мерзімі: қазан айы. Құжаттарды қабылдау ағымдағы жылдың 10 қарашасына дейін жүргізіледі.

Байқау 2 кезеңде өткізіледі:

1-кезең – академияның үздік студентін анықтау

І кезең – байқауға қатысу үшін кафедра меңгерушісі мен деканат комиссияға кафедра және факультет студенттік белсенділік отырысының хаттамасынан үзінді ұсынып, үміткерді байқауға тағайындайды.

Студенттің байқауға қатысу шарттары:

- Максималды үлгерім (100% үлгерім);
- Сабақтарға барудың максималды саны;
- Транскрипт көшірмесі (деканаттың мөрімен расталған);
- Кандидат атына берілген куәліктер, дипломдар, грамоталар, алғыс хаттар, сертификаттардың көшірмелері;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу (жобалар орындаушылары, конференциялар, ҒЗЖ байқаулары, стартаптар және т.б.);
- ЖОО қоғамдық өміріне жеке үлес (академия, республика, облыс, қала аясындағы іс-шараларға қатысу);
- Деканат пен ОР-дан алынған анықтама – тәртіп бұзушылықтар жоқтығы (сессияны уақытында тапсыру, қайта тапсыру және т.б.) және сабаққа қатыспау саны көрсетілген;
- Эдвайзер мен тренердің мінездемесі.

Ескерту: келісімшарт негізіндегі студенттер үшін қаржы қарызы жоқтығы туралы бухгалтерия анықтамасы.

II -кезең – байқау нәтижелерін қорытындылау, «Жылдың үздік студенті» атағын беру.

5.3. Нәтижелерді шығару

Байқаудың барлық кезеңдерінде жеңімпаздарды іріктеу процесінде максималды объективтілікті қамтамасыз ету және туындайтын дауларды шешу мақсатында академияның әкімшілік-басқару персоналы мүшелерінен комиссия тағайындалады.

Байқау шараларын бағалау бес балдық жүйе бойынша жүргізіледі.

Қойылған бағалар негізінде әр қатысушының жалпы балл саны есептеледі.

«Жылдың үздік студенті» байқауының жеңімпаздары – әр факультеттегі барлық қатысушылар арасынан ең көп балл жинаған студенттер.

Балл саны тең болған жағдайда жеңімпазды қазылар мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы анықтайды.

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		П ҚазСТА 3/34-25	
			Күні	
			Басылым 02	
	«Жылдың үздік студенті» байқауының ережесі		Беті	Беттен
			5	8

Байқау жеңімпазы байқау қазыларының шешімі бойынша марапатталады.

Байқау нәтижелерін Қазақ спорт және туризм академиясының акт залында байқау төрағасы жариялайды.

6. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Академияның үздік студентін бағалау критерийлері:

- 6.1. Оқу кезеңіндегі үлгерім;
- 6.2. Оқу кезеңіндегі студенттің интеллектуалды-танып білу қызметіндегі жетістіктері (Олимпиадаларға, байқауларға, жарыстарға және т.б. қатысу);
- 6.3. Республика, облыс, қала, академия ғылыми конференцияларына қатысу;
- 6.4. ЖОО қоғамдық өміріне жеке үлес (республика, облыс, қала, академия аясындағы іс-шараларға қатысу);
- 6.5. Студенттің спорттық қызметіндегі жетістіктері (ОО, ПО, СО, ӘЧ, ӘУ, АЧ, ӘК, ҚРЧ, РУ қатысуға берілген сертификаттар, грамоталар, дипломдар).

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	П ҚазСТА 3/34-25	
		Күні	
		Басылым 02	
	«Жылдың үздік студенті» байқауының ережесі	Беті 6	Беттен 8

Қосымша 1

«ҮЗДІК СТУДЕНТ» АНКЕТАСЫ

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Білім беру бағдарламасы / мамандандыру _____

Курс, топ _____

Оқу формасы (грант немесе келісімшарт) – астын сызу _____

Оқу кезеңіндегі орташа баға _____

Оқу кезеңіндегі студенттің интеллектуалды-танып білу қызметіндегі жетістіктері _____

Оқу кезеңіндегі спорттық және спорттық-сауықтыру іс-шараларына қатысу және жетістіктері _____

Оқу кезеңіндегі академияның шығармашылық өміріне қатысу _____

Студенттік инновациялық жобаның ұсыныстары немесе идеялары _____

Қызығушылықтар, хобби _____

(Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты) (қолтаңба)

Құжаттар баспа және электрондық түрінде ұсынылады.

Қатысушылар толтырылған анкета мен жеке куәліктің көшірмесін тапсырады.

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	П ҚазСТА 3/34-25	
		Күні	
		Басылым 02	
	«Жылдың үздік студенті» байқауының ережесі	Беті 7	Беттен 8

Қосымша 2

«Үздік студент» байқауына қатысушының бағалау парағы

Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты _____
Білім _____ беру _____ бағдарламасы _____ /
мамандандыру _____
Курс, топ _____
Оқу формасы (грант немесе келісімшарт) – астын сызу

№	Критерийлер	Балл	Баға
1	Максималды үлгерім (100% үлгерім, деканаттың мөрімен расталған транскрипт көшірмелері)	«Өте жақсы» бағалары – 5 балл «Жақсы» және «Өте жақсы» бағалары – 4 балл «Жақсы» бағалары – 3 балл	
2	Сабақтарға барудың максималды саны (студенттер үшін бір де бір Ж(Н/Б) болмауы – спортшы студенттер мен жеке оқу кестесі бойынша оқитын студенттер үшін пропусктардың минималды саны)	Ж(Н/Б) жоқ – 5 балл Құрметті себеппен 24 сағаттан аспауы – 4 балл 24 сағаттан көп Ж(Н/Б) – 2 балл	
3	Студент атына берілген куәліктер, дипломдар, грамоталар, алғыс хаттар, сертификаттардың көшірмелері	Академиялық деңгей – 3 балл Сыртқы ұйымдар – 5 балл IELTS/TOEFL сертификаты – 5 балл Басқа тіл курстарының сертификаттары – 3 балл	
4	ҒЗЖ қатысу	Республикалық СҒЗЖ байқауға қатысу: 1 орын – 5 балл 2 орын – 3 балл 3 орын – 2 балл Орынсыз қатысу – 1 балл Республикалық стартап байқауына қатысу: Финалға шыққан алғашқы ондық – 7 балл Орынсыз қатысу – 3 балл Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға қатысу: Хозшарттық – 5 балл Орта және мектепке дейінгі білім беру мекемелерімен – 3 балл Интеллектуалдық меншік объектілері:	



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

«Жылдың үздік студенті» байқауының ережесі

П ҚазСТА 3/34-25

Күні

Басылым 02

Беті

8

Беттен

8

		Авторлық құқық – 5 балл Өнертабысты патенттеу – 10 балл Мақала бірлесіп жазылған – 2 балл, жеке авторлық – 5 балл Конференцияларда баяндама жасауға қатысу: Халықаралық – 5 балл Республикалық – 3 балл Аймақтық, қалалық – 2 балл Академия деңгейінде – 1 балл	
5	ЖОО қоғамдық өміріне жеке үлес (халықаралық деңгейдегі, республика, аймақ, қала, академия аясындағы іс-шараларға қатысу)	Халықаралық деңгейде – 5 балл Республика деңгейде – 4 балл Облыс деңгейде – 4 балл Қала деңгейде – 3 балл Академия деңгейде – 2 балл Факультет деңгейде – 1 балл	
6	Студенттің спорттық қызметіндегі жетістіктері	Олимпиадалық ойындар – 5 балл Паралимпидалық ойындар – 5 балл Сурдлимпидалық ойындар – 5 балл Әлем чемпионаты – 4 балл Әлемдік универсиада – 3 балл Азия чемпионаты – 3 балл Әлем кубогы – 2 балл Қазақстан Республикасы чемпионаты – 2 балл Республикалық универсиада – 2 балл	

Ескерту:

- Деканат пен ОТ-ден тәртіп бұзушылықтар жоқтығы туралы анықтама (сессияны уақытында тапсыру, қайта тапсыру және т.б.) және сабаққа қатыспау саны көрсетілген.
- Эдвайзер мен тренердің мінездемесі кафедра меңгерушісі мен деканаттың мөрімен расталған.